

Ата-аналар жиналысының

хаттамасы № 3

Тақырыбы :«Қиын бала қайдан шығады?»

Мақсаты:

1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Жиналысқа қатысуға тиісті: 49

Қатысқаны – 38

Қатыспағаны 11

Күн тәртібінде

1. Балабақша жетістігі туралы
2. Жаз мезгіліндегі балалардың атқарылатын жұмыс барысы
3. Ата-ана комитетінің есебі
4. «Менің балам қандай?» тренинг

Тыңдалды:

Әдіскер Конопьянова А.К. ата –аналарға жалпы қоғамда қиын бала қайдан шығады деген сұрақты талқылады.

Тәрбие, тәрбие десек те, кешегі дүние есігін «іңгәлап» ашқан сәбиімізден, бал тілді баламыздан өсе келе тілазар, тентек, еркетотай, сондай-ақ жасық, қыңыр, ұстаздар тілімен айтқанда «қиын бала» қайдан шығады деп таң қаламыз? Бұл мәселе жөнінде өмірде кездесіп жүрген жәйттерден мысалдар келтіре отырып ой толғауды жөн көрдік.

Баланың қылығы, әдеті, іс-әрекеті әр үйелменнің айнасындай. Бала көргенін қайталайды, яғни үйдегі тәрбие баланың әдетіне өз таңбасын салып отырады. Мысалы, баланың тоңмойын, қыңырлығы үйелмендегі тым қаталдық, мейірімсіздіктің ізі болса, тәкаппарлық мінез баланы шектен тыс еркелетіп, шолжандатудың нәтижесі емей мемене? Оған ата-ана тарапынан бақылаусыздық қосылғанда баланың тәртіпсіз, «қиын» атануы оп-оңай. Еркелетудің де жөні бар. Кейбір ата-ана «немермнің алды, кенжем немесе тұла бойы тұңғышым еді» деп баланың айтқанының бәрін орындап, шектен тыс еркелетіп жібереді. Шектен тыс еркелеп өскен бала ешкімнің айтқанына көнбейді, ата-анасының өзін тыңдамайды, еңбекке мойыны жар бермейді, тіпті сабаққа да онша құлқы соқпайды. Ондай бала тек өз ойының ғана іске асуын көздеп, біртіндеп өзімшіл, өркөкірек болып өседі. Мұндай жақсы көрудің өзі баланың дұрыс тәрбиеленуіне зиянын келтіреді. Бұл кейін баланы да, тәрбиелеген ата-анасын да әртүрлі әбігерге салады деп нақты айтып өтті.

1-мәселе Тәрбиеші Сыдыкова Д.С. «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз!», «Қазақстан – огромный и разный», «Тілім – тірегім», «Тіл көңілдің – айнасы», «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты іс-шаралар өткізілді.

«Алтын күз» мерекесіне тәрбиешілер, «Күзгі саңырауқұлақтар», «Осень золотая в гости к нам идет», «Алтын күз», «Алтын күз мерекесі», «Күз сыйы», «Волшебный сундучок» атты ертеңгіліктер дайындалды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жылдық мерекесіне музыка жетекшісі Пирназаров мен тәрбиешілер бірлесіп «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!», барлық топтарда «Тәуелсіздігім – мақтанышым!», «Елбасы мен тәуелсіздік», «Тәуелсіз елім – тұғырың сенің биікте», «Тәуелсіздік – тірегіміз» атты тақырыптық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылды және «Астана – тәуелсіз елдің символы» атты балалар суреттерінің көрмесі дайындалды.

2 - мәселе : Тәрбиеші Урустимова Д.Д. жаз мезгілінде балалардың атқаратын жұмыс барысымен таныстырып өтті, және бірнеше бақылау түрін көрсетті. Ауа-райын бақылау Бақылау Ауа-райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату. Маусым - жаз басы, алмалар гүлдеп болады, күннің төгілуі, ылғалдар - өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт-құмырсқалардың, құстардың келуімен байланысты; 22-маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өткен жөн. Шілде - ең ыстық уақыт; күндізгі күннің ыстығы түн суығына ие болады да, жиі күн күркіреу, жаңбыр болады. Тамыз - күні ыстық, түні суық, температура азаяды. Суыту алғашқы қатуға әкеледі. Балаларға жаз табиғатының өзгерісі жөніндегі білімін нығайту. Қимылды ойын «Тату, барлығы бірге» Алаңның қарама қарсы жағына тепе теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту. Еңбек іс-әрекеті Құмның үстіне құм себу және суару Еңбекке қатысу, еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету деп айтып өтті.

Отбасы әр нәрсенің басы, баланың жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Ата-анамен отбасының басқа да мүшелерінің (ата-әже, аға-апа, т.б) балаларды тәрбиелеп үнемі қадағалап отыруы орасан зор еңбек. Баланың жастайынан психикасының яғни мінез-құлқы, сана сезімінің дұрыс жетіліп, өз жасына сәйкесінше дамып отыруы отбасынан сіңірген тәрбиеден орын алады. Халқымызда жақсы мақалдар айтылып келеді, яғни «Баланы жастан», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей даналық сөздердің берер мағынасы зор. Бала есейе оның бойында қалыптасқан оғаш әрі теріс мінездерін байқасақ, оны өзгерту қиынға әкеп соқтырады. Ұлы педогог А.С. Макаренко өз іс-тәжірибесінде ол туралы былай деген еді: «Балалардың алдында өздерінің аса беделді болуын қаламайтын ата-ана жоқ. Өздерінің қандай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, балаға өктемдік көрсетіп тәрбиелейтін ата-ана бар екені рас. Ойланып қарасақ, бұл өте қателік екенін білеміз бе? Мұндай жолмен келген шыншыл әрі адал баланың санасы есейе келе мүлдем жойылады». Баланың психикасы көрген-білген, естіп жүрген нәрселерімен бірге қалыптасады. Әрбір тәрбиеші немесе ұстаз ата-аналармен тығыз байланыста болуы шарт.

Әрбір ұстаз ата – аналармен қарым – қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ата – ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарса, ата – ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға дей келе ата ана комитеті балабақшада атқарылған жұмыстар жайлы айтып, барлық іс шараларға балабақша мен ата ана бірлесе жұмыс істегендіктерін, балалардың екі жақтан меңлінше тәрбие алып жатқандығын, балабақшада мерекелер кез келген іс шараға ата аналардың мейлінше үлес қосуы туралы айтып өтті.

4 мәселе Әдіскер Конопьянова А.К. тренинг өткізді.

Жалғасын тап

1. Баланы қолдап отырса....

2. Егер баланы үнемі сынап отырса.....

3.Балалға үнемі күлсе.....

4.Бала кекшілдікте өссе.....

5. Бала төзімділікте өссе.....

Жағдаяттық тапсырмалар

1.Тоқсандық қорытынды бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2.Балаңыз мектептен жылап келді «Мұғалім маған ұрысты»деп. Сіз не істер едіңіз?

3.Бала мен бала мектептен шығып келе жатқанда бір-бірімен төбелесіп қалды. Ол бала сіздің балаңыздың өте жақсы жолдасы еді.

Сіздің іс-әрекетіңіз?

4. Балаңыз өте жақсы оқиды. Бір күні сабақтан екі алып,мұғалімнің ескертпесі күнделігіне жазылып келді.Сіз не істер едіңіз?

Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасы – бұл мектеп те ақпарат көзі, қоғамдық ұйымдарда, еңбек ұжымы да, дос жарандары да. Отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті. Тіптен «балалық шақ» деген ұғым отбасы мен балабақшаның бірігіп ұйымдастырған бүлдіршіндер тәрбиесімен шектеседі.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:

Ата-аналар жиналысының хатшысы:



Сулейжанова Ж.К.

Абдулкаримова А.Н.